

## Тауарларды және көлік құралдарын уақытша сақтаудың кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1999 жылғы 5 қараша N 532-Б Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 12 қарашада тіркелді. Тіркеу N 974. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы бұйрығымен. ~V011442

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы"

Z952368\_

Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес Бұйырамын:

1. Мыналар бекітілсін:

1) Уақытша сақтау орындарына қойылатын міндетті талаптар туралы нұсқаулық (1-қосымша);

2) уақытша сақтау орны деп тану туралы шешімнің нысаны (2-қосымша);

3) Қысқаша декларацияны толтыру жөніндегі нұсқаулық (3-қосымша);

4) қысқаша декларацияның нысаны және қысқаша декларацияларына есеп жүргізу журналы (4, 5-қосымшалар);

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Мұхамедиева Г.) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуін қамтамасыз етсін.

3. Кеден режимдерін және кедендік ресімдеуді бақылауды ұйымдастыру бас басқармасы (Байбұлов М.) осы бұйрықтың іске асырылуын қамтамасыз етсін.

4. Баспасөз қызметі (Исахан Г.) осы бұйрықтың баспасөзде жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Төрағаның орынбасары Б.Жұмабаевқа жүктелсін.

6. Бұйрық мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап 10 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Төраға

# Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Кеден комитетінің 1999 жылғы  
3 қарашадағы N 532-П бұйрығына  
1-қосымша

Уақытша сақтау орындарына қойылатын  
міндетті талаптар туралы нұсқаулық

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық тауарларды және көлік құралдарын уақытша сақтайтын орындарға қойылатын талаптарды белгілейді.

2. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368\_ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 171-бабына сәйкес кедендік бақылау аймағындағы арнайы бөлінген және жасақталған үй-жайлар, ашық алаңдар, көлік құралдары немесе басқа да орындар (уақытша сақтау қоймалары, кеден қоймалары, бос қоймалар) уақытша сақтау орындары болып табылады.

3. Уақытша сақтау орындарын белгілеу мақсатында кедендік бақылау аймақтарын құру және кедендік бақылау аймақтарының шекараларын белгілеу Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің (бұдан әрі - комитеті):

мүдделі тұлғалармен келісім бойынша - ашық алаңдарға;

мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша - арнайы бөлінген және жасақталған үй-жайларға арналған кедендік бақылау аймақтары туралы бұйрығына сәйкес белгіленген тәртіппен кеден органдары жүзеге асырады.

Арнайы бөлінген және жасақталған үй-жай мен ашық алаңның уақытша сақтау орындары болып танылуының қуаттамасы - олардың осы Нұсқаулық

белгілейтін талаптарға сәйкестігі туралы, қызмет аймағында осындай үй-жайлары мен алаңдары бар кеден органының қорытындысының негізінде қабылданған Кеден комитетінің тиісті шешімі болып табылады. Уақытша сақтау орындарын тану туралы шешім Кеден комитеті бекіткен нысанда қабылданады. Кеден комитеті уақытша сақтау орындарының, оның ішінде уақытша сақтау қоймаларының есебін жүргізеді.

Көлік құралдарын уақытша сақтау орындары болып танылған ашық алаңдарға кейіннен қою шартымен қысқаша декларация негізінде тауарларды және көлік құралдарын кеден органына ұсынған сәтте аталған көлік құралдары кеден органдарымен уақытша сақтау орны деп танылады. Қысқаша декларацияның нысаны Кеден комитетінің бұйрығымен бекітіледі.

4. Уақытша сақтау орны мен рәсімі тауарлардың пайдалануы мен кедендік ресімдеу мерзіміне орай Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс министрлігінің бұйрығымен белгіленген тәртіппен айқындалады.

5. Уақытша сақтау орындарына қойылатын талаптар тауарлар мен көлік құралдарын кеден органына ұсынған сәттен бастап және оларды босату немесе таңдаулы кеден режиміне сәйкес тұлғалардың қарауына беруге кедендік бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында қажеттілік және жеткіліктілік өлшеміне байланысты белгіленеді.

## 2. Уақытша сақтау орындарына қойылатын талаптар

6. Уақытша сақтау қоймасы - Заңның 171-бабына сәйкес тауарларды және көлік құралдарын уақытша сақтауға арналған арнайы қойма.

Уақытша сақтау қоймасы (бұдан әрі - УСҚ):

1) кедендік бақылаудан тысқары жерде тауардың, көлік құралдарының келуін және олардың УСҚ-нан алып қою мүмкіндігін болдырмауын;

2) УСҚ орналасқан тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) бөтен адамдардың тауарлар мен көлік құралдарына қол жеткізуіне жол бермеу;

4) айналасындағы жүк түсіру алаңдарын қоса алғанда УСҚ аумағын барлық периметрі бойынша белгілеу және қоршау;

5) УСҚ аумағында УСҚ бөлігі болып табылмайтын құрылыстар мен ғимараттардың орналаспауы;

6) УСҚ тиісті кірме жолдармен жабдықтау;

7) өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестендіру;

8) санитарлық-тұрмыстық және техникалық нормаларға сәйкестендіру;

9) қажетті жүк тиеу-түсіру техникасы болған жағдайда Заңның 180-бабында

көзделген УСҚ орналасқан тауарларға байланысты операцияларды іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

10) кеден органдарының қызметкерлері үшін УСҚ қажетті қызметтік және тұрмыстық үй-жайлардың, жабдықтар мен байланыс құралдарының болуын қамтамасыз ету;

11) тауарлар мен көлік құралдарына автоматтандырылған есеп жүйесі мен бақылауды қамтамасыз ету арқылы жабдыкталуы және жасақталуы тиіс.

7. Арнайы бөлінген және жасақталған үй-жай - өзінің тауарларын уақытша сақтайтын тауар иесінің үй-жайы.

Арнайы бөлінген және жасақталған үй-жай (бұдан әрі - үй-жай) жүк тиеу-түсіру техникасы туралы талаптарды қоспағанда осы Нұсқаулықтың 6-тармағына сәйкес уақытша сақтау қоймаларының құрылысы мен жабдыкталуына қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек.

8. Уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылатын ашық алаңдар - тауарларды және көлік құралдарын уақытша сақтауға арналған аэропорттар, теңіз және өзен порттары, темір жол станциялары аумағында немесе кеден органдары орналасқан жерлерге іргелес аумақтардағы алаңдар.

Ашық алаң барлық периметрі бойынша қоршалуы (белгіленуі), кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін жеткілікті техникалық құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс, сондай-ақ осы нұсқаулықтың 6-тармағының 1-7-тармақшаларында белгіленген санитарлық нормаларға, талаптарға сәйкес болуы керек.

9. Уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылатын көлік құралы тасымалдау және тауарларды уақытша сақтау үшін пайдаланылатын көлік құралы.

Көлік құралдары, оның жүк бөлімдері:

1) уақытша сақтауға қойылған тауарларды көлік құралдарынан алуға немесе оларға көлік құралдары үшін міндетті кедендік қамтамасыз етуді бұзбай тауарлар қойылған жағдайда;

2) кедендік мөрлер мен пломбаларды алуға оңтайлы болғанда, құрастырылған және жабдыкталған жағдайда ғана уақытша сақтау орны ретінде пайдалануға жол береді.

10. Кеден қоймасы мен бос қойманы уақытша сақтау орны ретінде пайдалану - кеден қоймасы мен бос қоймаға қатысты кеден режимдеріне сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын қоюға арналған арнайы қоймалар. Сонымен қатар кедендік және бос қоймаларға берілетін лицензияларда осы қоймалардың уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылу мүмкіндігі көрсетілуге тиіс.

Кедендік қойма мен бос қойма үй-жайдың уақытша сақтауға арналған

бөлігі оқшауланған және жеке кірме жолдармен жабдыкталған жағдайда уақытша

сақтау орны ретінде пайдаланылуы мүмкін.

### 3. Қорытынды ережелер

11. Арнайы бөлінген және жасақталған үй-жайлар, ашық алаңдар көлік құралдары, уақытша сақтау қоймалары, кедендік қоймалар және бос қоймалар оларды уақытша сақтау орны ретінде пайдаланылған барлық мерзім ішінде белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.